

Қазақстае Республикасының Білім және ғылым министрлігінің 2017 жылғы 27 шілдедегі №355 бұйрығымен бекітілген Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестерін ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларына байланысты қоғамдық кеңестің мүшелерінің қатысуымен өткізілген отырысы

№ 1 ХАТТАМА

Жаңатас қаласы

3 қыркүйек 2021жыл

Қатысқандар: 9 адам

Күн тәртібінде:

1. «Болашақ» бөбекжай-бақшасының бос тұрған меңгеруші лауазымына тағайындау туралы.

Тыңдалды:

«Болашақ» бөбекжай-бақшасында 2021 жылдың – 3 қыркүйек күні бақшадағы қамқоршылық кеңес ұйымының «Орта техникалық және кәсіптік, орта білімінен, кейінгі білім беру ұйымдарының басшыларын конкурстық орналастыру және мемлекеттік мектепке дейінгі орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және қосымша білім беру ұйымдарының басшысы лауазымына конкурстық тағайындау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылдың 21 мамырдағы № 213 бұйрығының 74 тармағына сәйкес меңгеруші лауазымының бос тұрған орнына меңгеруші тағайындау туралы отырысы болып өтті.

Отырысты қамқоршылық кеңестің төрағасы Г. К. Пауль ашып, ұйым мүшелері мен отырысқа қатысушыларды күн тәртібіндегі мәселемен таныстырып өтті.

Тыңдалды:

Бірінші болып сөз алған аудандық білім бөлімінің әдіскері А.Ж.Каубаева өзінің перспективалық даму жоспарымен ауызша таныстырып өтті. Өз сөзінде әрбір топқа дамытушылық орталықтарын одан әрі дамытатын, ерекше қабілеті бар балаларға арнап инклюзивті топ ашатындығын атап өтті.

Келесі сөз кезегін Г.Ж.Сердалиева өзінің перспективалық даму жоспарын таныстыра келе даму бағдарламасында монтеessori технологиясын қолдана отырып, балалардың ерекше өсіп дамуына өз үлесін қосатындығын айтты.

«Болашақ» бөбекжай-бақшасының әдіскері Э.Т.Сатиеваның даму бағдарламасы 2021-2026 арналған даму жоспарына негізделген. 5 жылда атқаратын және күтілетін нәтижелер алынған. 8 бөлімнен, 3 кезеңнен тұрады. Басқару жүйесіндегі 5 күтілетін нәтижесін және мақсатты критерийлерін атап шықты. Бақшаның білім беру жүйесінің даму әлеуетін анықтау үшін оның күшті және әлсіз жақтарын (ішкі факторлар), оның дамуының перспективалық мүмкіндіктері мен тәуекелдерін (сыртқы факторлар) анықтау үшін SWOT талдау жүргізілетіндігін мықты тұстары мен

әлсіз тұстарын, мүмкіндіктері мен қауіп-қатерді толық атап шықты. Ең бастысы ата-аналар комитетімен тығыз байланыста болу керектігін айтты.


**Сөйлегендер:**

«Болашак» бөбекжай-бақшасының қамқоршылық кеңес төрайымы Г.К.Пауль А.Ж.Каубаева, Г.Ж.Сердалиева, Э.С.Турсынбаевнаның даму жоспарын қолдайтындығын, қамқоршылық кеңес мүшелері А.Шагиров, А.К.Нуртаевтар А.Ж.Каубаева, Г.Ж.Сердалиева, Э.С.Турсынбаевнаға өзінің жылы лебізін білдіріп, перспективалық жоспары ұнағандығын, тек қана сәттілік тілейтіндігін айтты.

**Қамқоршылық кеңес мүшелерінің қатысуымен өткізілген отырыстың шешімі:**


«Болашак» бөбекжай-бақшасының бос тұрған меңгерушінің лауазымына үміткерлер Э.Т.Сатиева, Г.Ж.Сердалиева келесі кезеңге жіберілсін.

Қамқоршылық кеңес төрайымы:




Г.К.Пауль

Мүшесі:




А.К.Нуртаев

Мүшесі:




А.К.Шагиров

Мүшесі:




А.Т.Касымбеков

Мүшесі:



Қ.Ш.Баешов

Хатшы:



М.М.Жуматаева